

Оспанова А.А.  
**Ахмет Байтұрсынұлының  
қайраткерлік  
ғұмырбаянындағы  
ағартушылық мұраттар**

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының азаттық күрес ұстанымдары, «Қазақ» газеті арқылы азаттық, ағартушылық мұраттарды өрістету өнегесі зерделенеді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде түрікшілдік идеяның көрініс табуын алғаш рет мақсатты, жүйелі зерттеу ауқымында тарихи алғышарттар, мұсылмандық ағартушылық, жәдитшілдік ықпалы, Ресей түркілерінің азаттық күрес ұстанымдары мәнінде көркемдік таным зерделеу болып табылады.

Қазақ әдебиеті тарихының елеулі кезеңі – XX ғасыр басындағы әдеби дамудың айқын көркемдік өрісі – поэзиядағы түрікшілдік идея нақты ақындардың әдеби мұрасы ауқымында талдауға тартылып, жинақтаушылық мәнде сараланды. Жалпытүркілік-жалпыадамзаттық азаттық мұраттардың рухани кеңістіктегі көркемдік, тарихи-әлеуметтік әлеуеті айқындалды.

**Түйін сөздер:** «Қазақ» газеті, азаттық, ағартушылық мұрат, поэзия, қазақ әдебиеті, түрікшілдік идея, мұсылмандық ағартушылық.

---

Osanova A.A.  
**Educational objectives in the  
activity biographies of Akhmet  
Baitursinov**

The article investigates the principles of Akhmet Baitursynov in the name of freedom, encompassing the themes of national interests in the collections of «Kyryk mysal» and «Masa». It attempts to investigate the themes of enlightenment and freedom through the newspaper «Kazakh». An attempt is made for the first time in the artistic context to understand purposefully and systematically the historical background, the Muslim enlightenment, the influence of Jadidism, positions of Russian Turks in the struggle for freedom in the manifestation of the Turkic ideas in the Kazakh literature of the early twentieth century. The paper analyzes in a collective form and in the range of literary heritage an important period in the history of Kazakh literature – the development of literature of the early twentieth century and Turkic idea of poetry. Artistic, historical and social potential in the spiritual space of common Turkic and universal goals in the name of freedom will be clarified.

**Key words:** newspaper «Kazakh», freedom, educational objectives, poetry, Kazakh literature, Turkic idea, Muslim education.

---

Оспанова А.А.  
**Просветительские цели  
в деятельной биографии  
Ахмета Байтұрсынова**

В статье рассматриваются принципы Ахмета Байтұрсынова во имя свободы, затрагиваются темы интересов нации в сборниках «Қырық мысал» и «Маса», осуществляется попытка исследовать цели просветительства и свободы через газету «Қазақ». Предпринимается попытка впервые в художественном контексте осмыслить целенаправленно и систематически исследованные исторические предпосылки, мусульманское просветительство, влияние джадидизма, позиции Российских тюрков в борьбе за свободу в проявлении тюркской идеи в казахской литературе начала XX века.

В работе анализируется в собирательной форме и в диапазоне литературного наследия поэтов важный период в истории казахской литературы – развитие литературы начала XX века и тюркская идея в поэзии. Выясняется художественный, исторически-социальный потенциал в духовном пространстве общетюркских и общечеловеческих целей во имя свободы.

**Ключевые слова:** газета «Қазақ», свобода, просветительские цели, поэзия, казахская литература, тюркская идея, мусульманское просветительство.

**АХМЕТ  
БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ  
ҚАЙРАТКЕРЛІК  
ҒҰМЫРБАЯНЫНДАҒЫ  
АҒАРТУШЫЛЫҚ  
МҰРАТТАР**

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы, «Қырық мысал» кітабы – қазақ поэзиясындағы ұлттық мұраттар бағытындағы шығармашылықтың озық, озат үлгілері болып қалды.

Жұртының қамын қаршадайдан ойлауға тағдыр өзі жетектеп әкелген Ахмет Байтұрсынұлы сынды заманауи тұлғаның елін ояту, саналы ғұмырға бағыттау жолындағы сан-салалы өлшеусіз еңбегінің бір арнасы болған поэзиялық туындылардың басты сипат, даралық ерекшеліктерін Міржақып Дулатұлы алғашқылардың бірі болып бағамдап, бағалайды.

«Маса» жинағы (1911) Ахмет Байтұрсынұлын әлеуметтік шындықтың ақыны екенін анықтай түсті. Жинақ туралы М.Дулатов «өз өлеңдерінде Ахмет Байтұрсынұлы ғашықтық туралы, әйел туралы, табиғат туралы жырламайды, онда қанатты көпірме сөздерге құрылған өлең үлгісі де жоқ. Ол қарапайым, нағыз қазақ тілінде бостандық, ұлт туралы – қазақ халқының қанауда, артта қалғаны жайлы жырлап, оны оқуға, еңбекке және ұйқыдан оянуға шақырады, әрбір қазақтың бойындағы азаматтық сезімді оятуға ұмтылады» деген баға береді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығару ісіндегі жетекші еңбегімен де ел тәуелсіздігі, азаттық күрес жолындағы ағартушылық бағыт ауқымына заманалық өредегі қайраткер тұлға екендігін және де айқындап берді.

Отаршылдық езгіге қарсы күресте баспасөздің мәніне ден қойған Исмаил Гаспралы өнегесі, әлемдік өрістегі озық мұраттар ықпалы әсерінде, елдің ішкі жағдай, ерекшелігін егжей-тегжейлі зерделеп, ескеріп отырып «Қазақты» шығару, оның жұмысын жүргізу – Алаш ардагерлерінің, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының да тарихи қайырлы шаруасы.

Ағарту саласында анық мұқтаж болып отырған бағыттарда атқарған қыруар еңбегі Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын тұғырландыра түседі.

Тәуелсіздік жолындағы күрестің ұзақ тарихы 1917 жылдан кейін де жаңа бір бағыттарда жалғасып, өрістеп отырғаны белгілі.

Халықты құрып кету құрдымынан сақтаудың ендігі бірден-бір жолы – біліммен қаруландыру деп шешкен Алаш зиялысының әрбір нақтылы қадам, іс-шарасында дәуірлік ықпалды тұлға Ахмет Байтұрсынұлының азаматтық ұстанымдарының негіздері бар.

1917 жылғы жеделдете өткен қос төңкерістен кейінгі ұлт зиялысы ұстанымдарындағы қайсы бір беталыс, бағдарлар туралы Дихан Қамзабекұлы былайша ой өрбітеді.

««Жетім қозы тасбауыр, маңырап да отығар» деген, 1919 жылдың ортасында большевиктердің жеңіске жеткені айқындалғанда, тағдырдан тәлкек, өмірден өгейлік көрген Алаш қайраткерлері амалсыз кеңес шебіне өтті.

1922 жылы Қазан шаһарында жарық көрген «Маса» жинағына (толықтырылып үшінші рет басылуы) кірген «Жауап хаттан» өлеңінде Ахмет Байтұрсынұлы:

Қарап жатқан тірі жоқ,  
Мен де – соның бірімін,  
Өлгенім жоқ, тірімін, –

дейді. Кеңес үкіметі 1919 жылы 4 сәуірде ресми газет бетінде Алаш Ордаға, оның қайраткерлеріне Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкерістік комитет (ревком) құрылғанда, А.Байтұрсынұлы оның мүшесі болуға келісімін берді» [1, 99].

Дихан Қамзабекұлы қиын-қыстау кезеңде ұлттық мұраттар жолындағы күрес тактикасын өзгертуге тура келген, тығырыққа тірелген шақтарда да қарап қалмай, саяси өмірден алыстамай, ел қамымен ештеңеден де бас тартпай еңбектенген ел ағаларының тағдырын таныта түсер фактілерді Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік ғұмырбаянынан көп көреміз.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған қиын уақытта кезінде пікірлерді келіспеген тұлғалармен қатар еңбектенеді.

Аласапыран уақыттың шындығының бар құбылысы оны да шарпымай қалмайды.

Дихан Қамзабекұлы Ахмет Байтұрсынұлының күрескерлік ғұмырбаянын маңыздандыра түсетін елеулі бір факті – Ахмет Байтұрсынұлының Ташкент сапарын аса мән беріп, тәптіштей ұғындыруымен ахметтануда тұлғалық болмысы сан тараптан зерделенгеннің өзінде қағаберіс қалған бар құбылысты байыптап берді деуге болады.

Себебі, дәл осы Ташкент сапарының алғышарт, ықпал-нәтижесі туралы Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаянын зерттеушілер дәл осындай саяси қатпар, астары айқындала түскен негіздеме жасай қоймағандығын айтқан жөн.

«Көрнекті ғалым, оқу жүйесінің реформаторы, кешегі Алаш қозғалысының қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1922 жылы тамыз айының басында Түркістан республикасының астанасы Ташкент қаласына жасаған іс-сапардың мақ-

сатын «Ақ жол» газетінің бір авторы: «Келген жұмысы – Түркістандағы екі облыс қазақты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру» деп көрсетіпті» [1, 102].

Ташкентте Ахмет Байтұрсынұлын қарсы алу, Ахаңның сөйлеген сөзі, т.б. нақтылы жайлар Ахмет Байтұрсынұлының күреспен өткен ғұмырының елеулі фактілері. Ұлт тәуелсіздігі жолындағы қайраткерлік еңбегінің және бір мазмұнды бағыты.

«Тарих үшін қас-қағым сәт болып есептелетін осы уақыт А.Байтұрсынұлының көз алдында өтті. Алаш зиялылары ұлттық ұйысу, шекара нақтылығы, жер аумағы тұтастығы жолында іс-қимыл жасаса да, қисынсыз көп нәрсе бұлардың ырқынан тыс орындалды. Сөйте тұра олар кеңес өкіметінің қазақ жерінде жүргізілген әрбір шарасына түзету енгізуге тырысты. 20-жылдардағы Қазақстан мен Түркістанның руханиятқа қатысты саясатының игі істерінде Ахмет Байтұрсынұлының да қомақты үлесі бар» [1, 106].

Замана озды. Уақыт қазақ баласына толып жатқан игіліктер мен жаңа мүмкіндіктер туғызып отыр. Осының барлығында ұрпақ қамын ойлап ғұмыр кешкен ұлт ұлдарының жаны мен қанынан дарыған ізгілік нұры қоса шалқиды. Сонда ол болса шалқақтап, асқақтап озып кеттік деуге, әлі ерте. Туған жұртының бойында бар асылы мен жасығын жасырмай сынап, жаба тоқымай бағалаған асыл ағалар айтқан көп ақиқат бар. Ел мінезіндегі белгілі бір дәуірлердің зардабындай бел алып кеткен желөкпе жеңілдікке қазірде де қауіппен қарамасқа болмайды.

Біздіңше, ұлттық мұрат, азаттық күрес идеясы деген ұғымдар әрбір халықтың жасампаз тарихында қатарласа, қатпалдаса жүретін құбылыстар. Ол тоқтамайды, тоқырамайды. Бұл мұраттар – жасампаздықтың қуат қосатын, қимылды үдететін баянды тетіктері.

«Қазақ салты» өлеңінде Ахмет Байтұрсынұлы қамығып айтатын кереғар, келеңсіз нышандар түбегейлі жойылып, ел баласы ежелгі еңселі биігіне көтерілгенше үзілмеуі тиіс күрес мұраты қай-қайсымыздың болса да жүрегімізге тыншу бермеуге тиіс.

«Қазақ салты» осыған бір ғасыр бұрын меңзейтін, әлі де «аңлашы» дейді.

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп ұшқыр атша қарқындаған.  
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған.  
Еңкедеп ет андыған шалдар да көп,  
Телміріп бір тойғанын ар қылмаған.  
Ақ көңіл, алаң-бұлан адамдар көп,

Есептеп азын көпке, аңқылдаған.  
 Қайырсыз неше сараң байлар да бар,  
 Қайықтай толқындағы қалтылдаған.  
 Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,  
 Ұмтылып, талап ойлап талпынбаған;  
 Солардың қатарында біз де жүрміз,  
 Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.  
 Не пайда өнерің мен біліміңнен  
 Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!  
 Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған,  
 Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
 Байға – мал, оқығанға – шен мақсұт боп,  
 Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

XX ғасыр басындағы әдеби үдерістің тарихи, саяси негіздерін бағалап, саралауда құжаттар негізінде пайымдаулар жасау дағдысы бөлек академик Тұрсынбек Кәкішұлы зер салған мәселелердің Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығындағы тәуелсіздік мұраттар бағытында дәуірлік деңгейде ой қорытындылап, пайымдамалар жасауға негізді қисындар қосатындығын айтар едік.

«Ақтаңдақтар ақиқаты дегенде, ең алдымен сол XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылығындағы өзгерістер мен қақтығыстардың болу себептерін ашу, қазіргі бір ғасырға жуық уақыт аса мерзім өткен кезде олардың шығармашылықтарын ғылыми көркемдік даму заңдылықтарына сай талдау, тұлғалық мінез-құлықтарының өзгешеліктеріне тоқталу жеке-жеке емес, тұтас дәуір үнімен сабақтастыра қарастырылуы шарт. Сондықтан, Т.Кәкішұлы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтар туралы рухани тұтастықты, жалғастықты, арналасық пен айырмашылықты, дәстүр жалғастығы мен рухани ғибраттың маңызын жете ұғына пікір білдірген жөн деп есептейді» [2, 85].

Зерттеуші А.Зекенованың күрделі XX ғасыр басындағы әдеби даму бағыттары туралы тақырып «сәнге» айналмай тұрып, сонау XX ғасырдың 50-жылдарында нақтылы құжаттық негізде зерттеуге ден қойған Тұрсынбек Кәкішұлының пайымдарындағы өзгешеліктерді тұтас аңғарып, ауқымды, жүйелі тоқтамдарға айналдыру бағытындағы ізденісі негізді.

XX ғасыр басындағы қайшылығы мол күрделі ақиқатты тану жолында елеулі көзқарас жүйесі бар Тұрсынбек Кәкішұлы Ахмет Байтұрсынұлының азаттық мұраттар бағытындағы күрес ұстанымының даралық сипаттарын атап айтуында кезеңдік жалпы ағымға ілісе кетіп сөйлеген көп зерттеушіден ауылы шалғай ақиқаттарға сүйеніп отырды. Байтұрсынұлының ағартушылық ағым қалыптастырудағы тарихи

еңбегін, «Қазақ» газеті туралы ой-тоқтамдарында тұлғаның тарихи еңбегін ғылыми, саяси-әлеуметтік негізде бағалаудың ұстанымдары көрініс тапты.

Т.Кәкішұлы Ахмет Байтұрсынұлының ұлт азаттығы жолындағы күрес мұратымен астасқан жеке бас тағдырындағы әрбір әрекет, шара шығармашылық туындысының арқау, арналары туралы әр кез ой өрбітіп, сөз қозғап келеді. Осында Ахмет Байтұрсынұлының кез-келген шешімі, қолымен атқарып саяси, мәдени кеңістікке дарытқан шараларының бар мән-маңызы тәуелсіздік мұратпен тұтасып жатқандығы тайға таңба басқандай, нақтылана, айқындала түсіп отырған.

Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі туралы тоқтамында Т.Кәкішұлының А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделеудегі зерек пайымы назар аударарды.

«...Әрине, Ахмет Байтұрсынов қазақтарды тезірек сауаттандыру мақсатымен ұлттың жазу тәртібін енгізгені өзінің ұлы жемісін берді, ең жеңіл алфавит ретінде мойындалып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді» [3, 78].

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын зерттеуде Меруерт Көпбаева ақындық өрістегі жекелеген туындыларының «Қазақ» газетінде жарық көргеніне мән бере отырып, сол туындыларды ғылыми айналымға тартады.

«Ахметтің жинақтарына енбей қалған кейбір өлеңдері бүркеншік есіммен «Қазақ» газетінде жарияланған. Ал «Қазақта» көбіне ел мұңын жоқтаған азатшыл поэзияның ғана орын тапқаны шындық. Мәселен, газеттің екінші санында жарияланған «Көшбасшы» өлеңінен-ақ осы бір талап айқын сезіледі. «Зарыққанда қылған бата» деп аталатын өлеңнің шымыр шумақты өткір сөздері «жүрекке дөп, ойға жөн». Көңілдегі мұңды оятып, ұмтылысқа, қимылға шақырғандай:

Сөйлесін! Жүйрік болса інжу тізіп,  
 Жосықсыз бас ауыртпай босқа езіп.  
 Құйса екені қысқасынан түсіндіріп,  
 Ретті, төрт аяғы түгел келіп.  
 Көсем бол тура жолға бастап кетсін,  
 Қалмасын кейінгілер соңына еріп.  
 Бай болса, малын қисын жұрты үшін,  
 Аямай керегіне тұрсын беріп.  
 Қайдағы аламанға ас дегенде,  
 Оскырып жоламайтын не бір жеріп?  
 Шығарып бір жерден сөз, бір жеңнен қол,  
 Ықпасын! Бүгежектеп, тұрсын берік.

«Өлең сөздері «Қазақ» мақсатымен үндес шығып, көкейдегі көп ойға қозғау салады. Өлең авторы белгісіз, қол қойылмаған. Бірақ Ахмет

қолтаңбасы байқалады. Ахметтің бұдан да кейін де бүркеншік есіммен бірнеше өлеңдер жарияланғанын еске алсақ, «Қазақтағы» өлең-жырдың бастауында өзі тұрғандығына күмәндануға болмайды» [4, 196].

Қазақ әдебиеті тарихындағы ұлт-азатшыл бағыттың белгілі бір тарихи кезеңінде өлең сөзбен өріс кеңітіп, ұлтын ұлы мұраттарға қарай жетелеген Ахмет Байтұрсынұлының тарихи еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерделеніп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы арнайы «Тарихи тұлғалар тағылымы» сериясымен еңбек жазып шығарған Өмірхан Әбдиманұлы [5] ахметтануда азаттық мұраттар бағытында елеулі пайымдауларға барды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ өмірінің қалтарыстары әлеуметтік негізде қамтылған поэзиялық туындылары тұтас бір кезеңнің рухани кеңістігін түзуде жетекші мәнде болған рухты туындылар мәнінде ел тарихында, әдебиет тарихында елеулі орын алады.

#### Әдебиеттер

- 1 Қамзабекұлы Д. Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
- 2 Зекенова А.Ж. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы – Т. Кәкішұлы контексінде. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 204 б.
- 3 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
- 4 Көпбаева М. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Шымкент, 2009. – 196 б.
- 5 Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.

#### References

- 1 Kamzabekulu D. Ruhaniyat: (Makalalar men zertteuler). – Almati: Bilim, 1997. – 272 b.
- 2 Zekenova A.J. XX gasir basindagi kazakh adebieti tarihi – T. Kakishulu konteksinde. – Almati: Jibek joli, 2007. – 204 b.
- 3 Kakishev T. Kazakh adebieti sininin tarihi. – Almati: Sanat, 1994. – 448 b.
- 4 Kopbaeva M. XX gasir basindagi kazakh adebieti tarihinin maseleleri. Komekshi oku kurali. – Shimkent, 2009. – 196 b.
- 5 Abdimanuli O. Ahmet Baitursinulu: Zertteu-esse. – Almati: Arda, 2007. – 296 b.